

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клинический факультет-II» кафедры	82/11
Сyllabus	16 беттің 1беті

ТҮПНҰСҚА	
ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
«Клинический факультет-II» кафедры Сyllabus	82/11 16 беттің 1беті
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жаңындағы медицина колледжі	
Сyllabus	
Пәні: АП 17 СД17 «Наркология курсы бар психикалық аурулар» Мамандығы: 09130200 «Акушерлік іс» Біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»	
Курсы: 3 Семестрі: 5 Бағылау түрі: Диф.сынақ Оқу сағатының колемі \кредиттің: 48 /2 Аудиториялық: 8 Симуляция: 40	
	
Шымкент 2024 ж.	

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
Силлабус	16 беттің 2беті

Силлабусты «Наркология курсы бар психиатриялық аурулар» пәнінің жұмыс бағдарламасы негізінде кұрастырды.

Оқытушы: Тулепбергенова Г.У.

Мамандығы: 09130200 «Акушерлік іс»

Біліктілігі: 091302001 «Акушер»

«Клиникалық пәндер-II» кафедрасының отырысында қаралды және ұсынылды.

хаттама № 1 " 02" 09 2024 ж.

Кафедра менгерушісі Н.Н Сагиндыков

ПЦК мәжілісінің отырысында қаралды және ұсынылды:

№ 2 хаттама " 03" 09 2024 ж.

ПЦК төрайымы Г.Н. Айбекова

Әдістемелік Кеңес отырысында мақұлданды:

№ 3 хаттама " 04" 09 2024 ж.

ӘК төрағасы Г.О. Мамбеталиева

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
Силлабус	16 беттің 3беті

Оқытушылар туралы мәліметтер

№ п/п	Т.А.Ж.	Атқаратын қызметі, дәрежесі	Оқитын пәні	Электронный адрес
1	Сагиндыков Н.Н.	Кафедра менгерушісі М.Ф.К.	«Наркология курсы бар психикалық аурулар»	Nurislam.otrар@mail.ru
2	Тулепбергенова Г.У.	Оқытушы м.ғ.магистрі	«Наркология курсы бар психикалық аурулар»	Tulepbergenova.g@mail. ru
3	Мерекеева Г.А.	Оқытушы м.ғ.магистрі	«Наркология курсы бар психикалық аурулар»	Gmerekeeva@mail.ru
4	Конырбаева К.Н.	Оқытушы	«Наркология курсы бар психикалық аурулар»	Kkonyrbaeva@mail.ru
5	Килембаева Л.А.	Оқытушы	«Наркология курсы бар психикалық аурулар»	Kilybaeva@mail.ru
6	Байділда Д.Ә	Оқытушы	«Наркология курсы бар психикалық аурулар»	Baidilda@mail.ru
7	Кененбаева М.Б	Оқытушы	«Наркология курсы бар психикалық аурулар»	Kenenbaeva@mail.ru

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
Силлабус	16 беттің 4беті

3.1. Кіріспе: «Психиатрия және наркология» медицинадағы маңызды және өзекті пәндердің бірі болып саналады. Заманауи психиатрия әлеуметтік саясат, мәдениеттану, әдет-ғұрыптық ғылымдармен, биологиялық ғылымдармен және жалпы медицинамен шекаралас. Бұл шекаралардың ішінде заманауи психиатрияның келесі бөлімдері орналасқан – психикалық денсаулық қауіпсіздігі, психиатриялық көмекті ұйымдастыру, әлеуметтік психиатрия, клиникалық психиатрия, сонымен қатар геронтопсихиатрия және балалар (оның ішінде микропсихиатрия) және жасөспірімдер психиатриясы.

Наркология – психоактивті заттарға тәуелділіктің пайда болу шарттары мен механизмдерін, олардың әсерінен туындаған ауруларды диагностикалау, емдеу және алдын-алудың барабар әдістерін әзірлеу мақсатында олардың уытты әсерін зерттейтін ғылыми пән. Наркологияның басты міндеттерінің бірі науқастарды алкоголизм мен наркоманиядан емдеу болып табылады.

Тұластай алғанда, медициналық профилактика адамдардың нашақорлық аурулары, олардың шекаралары, клиникалық және мінез-құлыштық көріністері, жас ерекшеліктері, алкоголь мен есірткінің адам ағзасына токсикалық әсері туралы дұрыс ақпараттан тұрады. Заманауи жалпы медицина дәрігері науқасты және оның туыстарын клиникалық және қосымша тексеру әдістері негізінде, ең алдымен, алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде тиісті профилактикалық іс-шаралардың объектісіне айналатын, жоғары қауіпті топтарды анықтай алуы керек.

3.2. Пәннің саясаты:

№	Студенттерге қойылатын талап	Орындаған жағдайда айыптау шаралары
1.	Себепсіз сабақ қалдыру рұқсат етілмейді.	Тәжірибелік сабакты себепсіз қалдыраң жағдайда бж қойылады.
2	Себеп бойынша қалдырылған сабактарды өз уақытысында өтеу.	Себепті қалдырылған сабактар тек деканат рұқсатымен (өтеу қағазы) өтеледі.
3	Дәріс және тәжірибелі сабактарға уақытылы келу.	Студент 5 минуттан артық кешіксе сабакқа жіберілмейді. Оқу журналына және дәріс журналына бж қойылады.
4	Студенттің сыртқы келбеті талапқа сай болуы (халат, колпак, ауыстыратын аяқ киім және т.б.).	Студенттің сыртқы көрінісі талапқа сай болмаған жағдайда сабакқа немесе дәріске жіберілмейді және тәжірибелік журналда немесе дәріс журналында бж қойылады.
5	Студентте медициналық санитарлық кітапшаның болуы.	Медициналық санитарлық кітапшасыз студент клиниканың бөлімшеріне жіберілмейді және тәжірибелік журналға бж қойылады.
6	Студент оқытушыларға, курсастарына сыйластық пен қарауы қажет.	Студент күрметсіздік танытқан жағдайда, бұндай мінез-құлқы кафедра жиналысында талқыланады, деканатқа және ата-анасына жеткізіледі.
7	Кафедраның мүліктеріне студенттердің қамқорлық жасауы.	Мүліктерді бұзған жағдайда, студент өз күшімен қалпына келтіреді.

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
Силлабус	16 беттің 5беті

3.3. Пәннің мақсаты: Поликлиника жағдайында және үй жағдайында психикалық және наркологиялық ауруларды ересектер мене балаларда ерте диагностикалау үшін; госпитальға дейінгі деңгейде және үй жағдайында психикалық және наркологиялық ауруларға емдеу-профидактикалық шаралардың кешенін жүргізу үшін; психиатриялық және наркологиялық аурулардың госпитальға дейін және госпиталь деңгейінде шұғыл жағдайларды диагностикалау және дәрігерлік көмек көрсету үшін және соп-психиатриялық және наркологиялық экспертизаларды анықтау үшін керек білімдер мен тәжірибелік дағдалырды қалыптастыру.

3.4. Пәннің міндеттері:

- ✓ клиника-анамнездік деректердің негізінде ең жиі тараған психиатриялық ауруларды диагностикалауды үйрету;
- ✓ психиатриялық және наркологиялық ауруды зерттеуінің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру және патологиялық белгілердің негізінде локализация мен процесстің табигатын анықтау үшін олардың диагностикалық маңызын бағалау;
- ✓ қосымша зерттеу әдістерінің деректерін дұрыс анықтай білу – электрофизиологиялық, биохимиялық, иммунологиялық, нейровизуализациялық және басқалар;
- ✓ ем тағайындауға, профилактикалық шараларды жүргізуге және еңбекке жарамдылығын анықтауға негіз болатын жиі тараған аурулардың клиникалық диагнозын белгілеуді үйрету;
- ✓ әртүрлі аурулар кезінде нерв жүйесінің өзгерістері туралы нақты ой қалыптастыра білу;
- ✓ клиникалық симптомдар мен синдромдар негізінде наркотикалық заттарды дифференциалды анықтай білу;
- ✓ неврологиялық, психиатриялық және наркологиялық аурулардың негізгі алдын алу принциптері мен шараларына үйрету;
- ✓ психиатрия және наркологиядағы құқықтық сұраптарының принциптеріне үйрету.

3.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері

- ✓ неврологиялық, психиатриялық және наркологиялық аурулардың диагностикасының негіздерін;
- ✓ госпитализацияға жататын клиникалық көріністерін; науқастарды үй жағдайында жүргізудің ережелерін біледі;
- ✓ Білімін және түсінгенін қолдана білу: науқастарды дайындауды қолданады және зертханалық-инструментальды зерттеу әдістерін жүргізуге қатысады;
- ✓ психиатриялық және наркологиялық аурулармен жұмыс жүргізгенде қауіпсіздік шараларын қолданады, профилактикалық шараларды ұйымдастыруға қатысады; неврология, психиатрия және психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен академиялық жазуларды қолдана біледі;
- ✓ неврология, психиатрия және психологияда фактілердің, құбылыстырылардың, теориялардың және олардың өзара тәуелділігінің білімі мен түсінігін қолданады; академиялық шыншылдықтың принциптері мен мәдениетінің мәнін түсіне біледі.

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы</p>	<p>82/11</p>
<p>Силлабус</p>	<p>16 беттің 6беті</p>

3.6. Пререквизиттер: латын тілі, қалыпты анатомия, қалыпты физиология, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, психология негіздері және қатынас дағдылары, неврологиядағы мейіргерлік іс, фармакология негіздері, мейіргерлік іс негіздері, терапиядағы мейіргерлік іс, эпидемиология және жұқпалы ауруларындағы мейіргерлік іс, медициналық психология.

3.7. Постреквизиттер: арнайы пәндер (наркология курсы бар психикалық аурулар, оториноларингология, офтальмология, дерматовенерология).

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны: психиатрия пәні, міндептері мен мазмұны. Басқа пәндердің ішіндегі психиатрияның орны. Сезу және қабылдау бұзылыстары. Ойлау бұзылыстары. Есте сақтау, назар мен интеллекттің бұзылыстары. Эмоционалды-еріктілік сферасының бұзылыстары. Назар мен ойлау патологиясы. Тұлғаның бұзылыстары.

3.9. Тақырыптық жоспар: әр сабактың тақырыптары, қысқаша мазмұны және ұзақтығы.

3.9.1. Аудиториялық сабактың тақырыптық жоспары.

№ П/п	Аудиториялық сабактың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Психиатрияның құқықтық мәселелері.	Психиатрия дамуының негізгі кезеңдері. Психиатриялық көмек туралы заңдар. Психиатриялық қызметтің ұйымдастыру: стационарлық, амбулаториялық. Еңбек, сот және әскери сараптама мәселелері. Психиатриядағы этика және медициналық деонтология мәселелері. Психиатриялық стационарда науқастарға қызмет көрсету ерекшеліктері. Агрессия мен психомоторлы қозу кезінде физикалық қысылу шаралары мен әдістері.	1
2	Эмоционалды және қимыл-ерікті бұзылулар.	Эмоционалды және мотор-ерікті бұзылулар. Аффективті және ерікті бұзылулар. Маникалық синдром. Депрессиялық синдром. Депрессияның клиникалық формалары. Аффективті синдромдардағы соматикалық бұзылулар. Мотор-ерікті сфераның бұзылуының патофизиологиялық механизмдері туралы қазіргі заманғы идеялар. Әр түрлі аурулардағы мотор-ерікті саланың бұзылуының ерекшеліктері. Кататоникалық ступор. Психомоторлы қозу, оның клиникалық түрлері (маникалық, кататоникалық, эпилептиформалық, импульсивті). Психомоторлық қозуды тоқтату. Қимыл-қозғалыс саласы бұзылған науқастарға күтім жасау ерекшеліктері.	1
3	Шизофрения және	Шизофренияның мәні туралы сұрақтың түсінігі мен	1

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы</p>	<p>82/11</p>
<p>Силлабус</p>	<p>16 беттің 7беті</p>

	шизотиптік бұзылыш.	қазіргі жағдайын анықтау. Шизофренияның негізгі және қосымша белгілері туралы түсінік. Шизофренияның негізгі клиникалық түрлері. Шизофрения ағымының түрлері. Балалық және кеш жастағы шизофренияның ерекшеліктері. Шизофренияның этиопатогенезі туралы қазіргі идеялар. Шизофренияны емдеудің принциптері мен түрлері. Асқынулар, жанама әсерлер, психофармакологиялық препараттарды қолдануға қарсы көрсетілімдер, психофармакологиялық препараттарды түзеткіштер. Шизофрениядағы оналтудың негізгі принциптері.	
4	Ми жарақатымен және эпилепсиямен байланысты психикалық бұзылулар.	Бас сүйек-ми жарақатының әртүрлі кезеңдеріндегі клиникалық көріністер: бастапқы және жедел (сананың бұзылуы, амнезия, астения, вегетативтік және вестибулярлық бұзылулар, эпилептиформалық қозуы бар транзиторлық психоздар, делирий, жедел галлюциноз, Корсаков синдромы, жергілікті неврологиялық симптомдар), ұзақ мерзімді салдарлар кезеңі (церебрастения, тұлғаның өзгеруі бар энцефалопатия, құрысу синдромы немесе деменция). Емі. Аралық бақылау	2
5	Алкоголизм (ургенттік күйлер).	Алкогольмен жедел улану. Мас болу дәрежесі. Мас болу диагностикасы. Жедел алкогольдік интоксикацияны емдеу. Патологиялық мас болу, диагностика және сот-психиатриялық бағалау. Алкоголизмнің клиникалық көріністері: ағым кезеңдері. Алкогольді abstinentti синдромы. Алкоголизмнен туындаған неврологиялық және соматикалық бұзылулар. Алкоголизмді емдеу: шығару синдромын тоқтату, детоксикация шартты рефлекторлық терапия, сенсибилизаторлар. Алкогольдік (металкогольдік) психоздар. Делириймен шығару жағдайы. Жедел және созылмалы алкогольдік галлюциноз. Алкогольді параноид (делирий және қызғаныш). Корсаковский психоз. Гайе-Верниктің жедел алкогольдік энцефалопатиясы. Алкогольдік психоздарды емдеу және алдын-алу әлеуметтік қауіпті мінезд-құлық жағдайындағы тактика, қозуды тоқтату әдістері.	1
6	Нашақорлық және уытқұмарлық (ургенттік жай-күй).	Үлкен нашақорлық синдромы. Нашақорлықтың негізгі түрлері. Апиын тобының препараттарын қолдану: жедел және созылмалы апиын интоксикациясының белгілері, шығару синдромының клиникасы. Налорфин апиынның шығарылуын жедел диагностикалау құралы ретінде.	2

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы</p>	<p>82/11</p>
<p>Силлабус</p>	<p>16 беттің 8беті</p>

	<p>Карасора препараттарын қолдану, жедел және созылмалы гашиш интоксикациясының клиникасы. Кокаиномания, кокаинді бір рет қабылдаудағы және созылмалы интоксикациядағы психикалық бұзылулар. Есірткіге жатқызылған барбитураттар: созылмалы интоксикация кезіндегі психикалық және соматикалық бұзылулар. LSD және галлюциногендер. Нашақорлықтың алдын алушағы орта медициналық персоналдың рөлі. Дәрілік заттар кезіндегі психикалық бұзылулар. Атропиндік делирийдің клиникалық ерекшеліктері. Барбитураттармен жедел және созылмалы улану – делирий, эпилептиформды синдром, псевдопараликалық синдром. Нашақорлық пен уытқұмарлықты емдеу және алдын алу.</p> <p>Аралық бақылау</p>	
Барлығы:		8с.

3.9.2. Симуляциялық сабактың тақырыптық жоспары.

№ П/п	Симуляциялық сабактың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат санды
1	Психикалық денсаулыққа қауіп факторларын анықтау	Психикалық денсаулыққа қауіп факторларын анықтау. Психикалық денсаулық. Оның критерийлары және нығайту жолдары. Психиатриядағы этика және медициналық деонтология мәселелері. Психиатриялық стационарда науқастарға қызмет көрсету ерекшеліктері. Агрессия мен психомоторлы қозу кезінде физикалық қысылу шаралары мен әдістері.	6
2	Эмоционалды және қымыл-ерікті бұзылулар.	Эмоционалды және мотор-ерікті бұзылулар. Аффективті және ерікті бұзылулар. Маникалық синдром. Депрессиялық синдром. Депрессияның клиникалық формалары. Аффективті синдромдардағы соматикалық бұзылулар. Мотор-ерікті сфераның бұзылуының патофизиологиялық механизмдері туралы қазіргі заманғы идеялар. Эр түрлі аурулардағы мотор-ерікті саланың бұзылуының ерекшеліктері. Кататоникалық ступор. Психомоторлы қозу, оның клиникалық түрлері (маникалық, кататоникалық, эпилептиформалық, импульсивті).	7

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
Силлабус	16 беттің 9беті

		Психомоторлық қозуды тоқтату. Қымыл-қозғалыс саласы бұзылған науқастарға күтім жасау ерекшеліктері.	
3	Шизофрения және шизотиптік бұзылыш.	Шизофренияның мәні туралы сұрақтың түсінігі мен қазіргі жағдайын анықтау. Шизофренияның негізгі және қосымша белгілері туралы түсінік. Шизофренияның негізгі клиникалық түрлері. Шизофрения ағымының түрлері. Балалық және кеш жастағы шизофренияның ерекшеліктері. Шизофренияның этиопатогенезі туралы қазіргі идеялар. Шизофренияны емдеудің принциптері мен түрлері. Асқынулар, жанама әсерлер, психофармакологиялық препараттарды қолдануға қарсы көрсетілімдер, психофармакологиялық препараттарды түзеткіштер. Шизофрениядағы оңалтудың негізгі принциптері.	6
4	Ми жарақатымен және эпилепсиямен байланысты психикалық бұзылулар.	Бас сүйек-ми жарақатының әртүрлі кезеңдеріндегі клиникалық көріністер: бастапқы және жедел (сананың бұзылуы, амнезия, астения, вегетативтік және вестибулярлық қозуы бар транзиторлық психоздар, делирий, жедел галлюциноз, Корсаков синдромы, жергілікті неврологиялық симптомдар), ұзақ мерзімді салдарлар кезеңі (церебрастения, тұлғаның өзгеруі бар энцефалопатия, құрысу синдромы немесе деменция). Емі.	7
5	Алкоголизм (ургенттік күйлер).	Алкогольмен жедел улану. Мас болу дәрежесі. Мас болу диагностикасы. Жедел алкогольдік интоксикацияны емдеу. Патологиялық мас болу, диагностика және сот-психиатриялық бағалау. Алкоголизмнің клиникалық көріністері: ағым кезеңдері. Алкогольді abstinentті синдромы. Алкоголизмнен туындаған неврологиялық және соматикалық бұзылулар. Алкоголизмді емдеу: шығару синдромыны тоқтату, детоксикация шартты рефлекторлық терапия, сенсибилизаторлар. Алкогольдік (металкогольдік) психоздар. Делириймен	7

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы</p>	<p>82/11</p>
<p>Силлабус</p>	<p>16 беттің 10беті</p>

		шығару жағдайы. Жедел және созылмалы алкогольдік галлюциноз. Алкогольді параноид (делирий және қызғаныш). Корсаковский психоз. Гайе-Верниктің жедел алкогольдік энцефалопатиясы. Алкогольдік психоздарды емдеу және алдын-алу әлеуметтік қауіпті мінез-құлық жағдайындағы тактика, қозуды тоқтату әдістері.	
6	Нашақорлық және уытқұмарлық (ургенттік жай-күй).	Улken нашақорлық синдромы. Нашақорлықтың негізгі түрлері. Апиын тобының препараттарын қолдану: жедел және созылмалы апиын интоксикациясының белгілері, шығару синдромының клиникасы. Налорфин апиынның шығарылуын жедел диагностикалау құралы ретінде. Карасора препараттарын қолдану, жедел және созылмалы гашиш интоксикациясының клиникасы. Кокаиномания, кокаинді бір рет қабылдаудағы және созылмалы интоксикациядағы психикалық бұзылулар. Есірткіге жатқызылған барбитураттар: созылмалы интоксикация кезіндегі психикалық және соматикалық бұзылулар. LSD және галлюциногендер. Нашақорлықтың алдын алудағы орта медициналық персоналдың рөлі. Дәрілік заттар кезіндегі психикалық бұзылулар. Атропиндік делирийдің клиникалық ерекшеліктері. Барбитураттармен жедел және созылмалы улану – делирий, эпилептиформды синдром, псевдопараликалық синдром. Нашақорлық пен уытқұмарлықты емдеу және алдын алу.	7
	Барлығы		40 с

3.9.3. Әдебиеттер:

Сыздыкова, А.К. Психиатрия пәніне арналған тәжірибелісабактар: окуқұралы / А. К. Сыздыкова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2017. - 158 бет. с.

Күдерінов Т.К. Шекаралық психиатрия : оқу құралы / Т. К. Күдерінов, М.К. Күдерінова . - 2-ші бас. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 167 бет.

Жарбосынова Б. Б. Сот психиатриясы : оқу құралы / Б. Б. Жарбосынова, Ф. М. Құдиярова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 230 бет. с

Психопатологические особенности детского, подросткового и юношеского возраста : учебное пособие / Н. Ш. Ахметова. - 3-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 140 с

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы</p>	<p>82/11</p>
<p>Силлабус</p>	<p>16 беттің 11беті</p>

Экземпляры: всего:25 - ЧЗ-2(2), ЧЗ-3(1), АУЛ(22)

Психиатрия: оқулық / Н. М. Жариков [ж/б.]. - 2-бас., өнд. жәнетолықтыр. - М. :

"Литтерра", 2016. - 576 с

Ф. М. Құдиярова. - Алматы :Эверо, 2013. - 316 бет.с.

Жарбосынова, Б. Б. Психиатрия: оқулық / Б. Б. Жарбосынова,

Психиатрия и наркология: учебник / Н. Н. Иванец [и др.]. - ; Рек. УМО по мед.и фарм. образованию вузов России. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 832 с. : ил.

Цыганков, Б. Д. Психиатрия: учебник / Б. Д. Цыганков, С. А. Овсянников ; М-во образования и науки РФ. - ; Рек. ГБОУ ВПО "Первый МГУ им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 496 с.

Жарбосынова, Б. Б. Психиатрия: оқулық / Б. Б. Жарбосынова, Ф. М. Құдиярова. - Алматы : Қазақстан, 2011. - 316 бет с.

Незнанов, Н. Г. Психиатрия: учебник / Н. Г. Незнанов. - ; Рек. ГОУ ВПО ММА им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2010. - 496с.

Психиатрия: оқулық / Н. М. Жариков [ж. б.]. - Алматы : Эверо, 2010. - 524 бет. с.

Цыганков, Б. Д. Психиатрия: учеб. для вузов / Б. Д. Цыганков. - Рек. Учеб.-методическим объед. по мед. и фарм. образованию вузов России. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2009

3.9.4.Қосымша әдебиеттер:

Сарсембаев, К. Т. Психиатрия және наркология. Тест тапсырмаларының жинағы: оқу құралы = Психиатрия и наркология. Сборник тестовых заданий : учебное пособие / К. Т. Сарсембаев. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 бет. С

Арндт, П. Психосоматика и психотерапия. Справочник: справочник / П. Арндт, Н.

Клинген ; Пер. с нем. - М. : Медпресс-информ, 2014. - 368 с. : ил.

Сарсембаев, К. Т. Психиатрия тестілік тапсырмалар түрінде: оқулық = Психиатрия в форме тестовых заданий : учебник / К. Т. Сарсембаев ; КР денсаулық сактау министрлігі; С. А. Асфендияров атындағы ҚҰМУ. - Алматы : Эверо, 2012. - 392 бет. с.

Менделевич, В. Д. Психиатрическая пропедевтика: практическое рук. / В. Д. Менделевич. - 5-е изд., перераб. и доп. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 576 с.

Гейслер, Е. В. Психиатрия: конспект лекций / Е. В. Гейслер, А. А. Дроздов. - М. : Эксмо, 2007. - 159 с.

3.10.Ақпаратпен қамтамасыз ету және интернет ресурстар

№	Атауы	Сілтеме
1	Электронды кітапхана	http://lib.ukma.kz
2	Электронды каталог - ішкі пайдаланушылар үшін - сыртқы пайдаланушылар үшін	http://89.218.155.74
3	Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана	http://rmebrk.kz/
4	«Студент кеңесшісі» Медициналық ЖОО электронды кітапханасы	http://www.studmedlib.ru
5	«Параграф» ақпараттық жүйе «Медицина» белімі	https://online.zakon.kz/Medicine
6	«Зан» құқықтық ақпараттың электронды дереккөзі	https://zan.kz
7	Ғылыми электрондық кітапхана	https://elibrary.ru/
8	«BooksMed» электронды кітапханасы	http://www.booksmed.com

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
Силлабус	16 беттің 12беті

3.11.Оқытудың және сабак берудің әдістері:

- Ағымдық бақылау:** тестілеу, ауызша сұрақтарға жауап беру, практикалық дағдыларды бағалау.
- Аралық бақылау:** тест тапсырмаларын орындау, сұхбаттасу
- Қорытынды бақылау:** емтихан тест түрінде КТБО да жүргізіледі.

3.12.Білімді бағалаудың критерилері мен ережесі.

Бағалау	Пайдаланылатын басқару құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сынни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест ...)	Вес
ТС 1 (ТС А (дәрістер, семинарлар)): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық талқылауларға қатысу)	Зыныни талдауга арналған тапсырмалар: - бақылау сұрақтары - тапсырмалар -тесттер	15%
ТС 2 (ТС С (модельдеу)): модельдеу курсына бару, практикалық дағдылардың топтық және жеке жетістіктеріне қатысу.	Практикалық дағдыларды дамыту және құзіреттіліктерді талқылау; Талқыланатын мәселелер бойынша дәлелдерді ұсыну.	15%
Аралық бақылау	Курс тестілері	15%
СӨЖ дің орындалуы	СӨЖ тақырыптарын уақытылы орындау (эссе, эссе, презентация)	15%
Емтиханға қабылдау рейтингі		x 60%
Қорытынды емтихан	Пәннің тақырыптары бойынша тесттер (100 сұрақ) және билеттер: теориялық сұрақтар, жағдайлышы есептер және СӨЖ сұрақтары	X 40%
Курс бойынша қорытынды бағалау		0-100 баллдан

Білімдерін бағалау шкаласы

Әріп жүйесімен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық қатынасы	Дәстүрлі жүйесімен бағалау
A	4,00	95-100%	Ұлгілі
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
Силлабус	16 беттің 13беті

C+	2,33	70-74%	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69%	
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,0	50-54%	
F _х айта тапсыру	0,5	24-49%	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24%	

Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері

Бағалау критерилері	<p>Өте жақсы «A»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда</p> <p>Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда</p> <p>Қанагаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда</p> <p>Қанагатсыз «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда</p>
---------------------	--

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша бақылау формаларының белгіленген арақатынасы негізінде ресми мәлімдемеге енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = ((TC (аудиториялар, семинарлар) + ТС модельдеу + ТС (шекаралық бақылау) + CDS) = RD (кіру рейтингі) x 60% + рейтинг (Е x 40%)

Емтихан (жеке): қорытынды тест

Оларды іске асыру бойынша нұсқаулықтар (ұсыныстар):

Аудиторияға (дәрістер, семинарлар) дайындық кезінде берілген үлестірімді мұқият оқып шығыңыз және қайталаныз.

Бағалау критерийлері:

Қорытынды тест: бүкіл курстың білімі мен түсінігін тексеру.

Тестте 50-ден 100-ге дейін сұрақ, әр дұрыс жауап - 1 балл.

Тапсыру мерзімі

Аяқталған тапсырмаларды жүктеу мерзімі - оқу курсы аяқталғаннан бастап екі алта.

Жеткізілім кешіктірілген жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75 - 0,9

• РД = ТС1А+ТС2С+ТС3+АБ+СӨЖ

• ИТ= РДx60%+Е x 40%

Қосымша – 1.

Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Студенттің науқасты денсаулықты нығайту, оңалту және	Науқасты денсаулықты нығайту, оңалту және			

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы</p>	<p>82/11</p>
<p>Силлабус</p>	<p>16 беттің 14беті</p>

	оңалту және аурулардың алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін талдау дәрежесі.	аурулардың алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін білмейді.	аурулардың алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін қанағаттанар лық деңгейде біледі.	аурулардың алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін жақсы деңгейде біледі.	аурулардың алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін біледі.
ОН 2	Студенттің денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыру бойынша шешімдер қабылдауы.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды түсінбейді.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды бойынша қанағаттанар лық деңгейде түсінеді.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды жақсы деңгейде түсінеді.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды түсінеді.
ОН3	Студенттің денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдар ын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын жасай алу дәрежесі.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдар ын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын қанағаттанар лық деңгейде қолданады.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдар ын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын жақсы деңгейде қолданады.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдар ын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын жақсы деңгейде қолданады.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдар ын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын жақсы деңгейде қолданады.
ОН4	Студенттің денсаулықты нығайту, оңалту және аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттілікте-	Денсаулықты нығайту, оңалту және аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттілікте-	Денсаулықты нығайту, оңалту және аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттілікте-	Денсаулықты нығайту, оңалту және аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттілікте-	Денсаулықты нығайту, оңалту және аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттілікте-

<p>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы</p>	<p>82/11</p>
<p>Силлабус</p>	<p>16 беттің 15беті</p>

	<p> пациенттің қажеттілікте- рі мен проблемалар ын анықтауда этикалық принциптерді көрсете алмайды.</p>	<p>рі мен проблемалар ын анықтауда этикалық принциптерді көрсете алмайды.</p>	<p>рі мен проблемалар ын анықтауда этикалық принциптерді қанағаттанар лық деңгейде көрсетеді.</p>	<p>рі мен проблемалар ын анықтауда этикалық принциптерді жақсы деңгейде көрсетеді.</p>	<p>рі мен проблемалар ын анықтауда этикалық принциптерді көрсетеді.</p>
ОН5	<p>Студенттің жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияла рды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын көрсету.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияла рды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын көрсету.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияла рды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын көрсету.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияла рды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын көрсету.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияла рды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын талдайды.</p>

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY	 —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82/11
	Силлабус	16 беттің 16беті